



«Kazakhstan Bar Association»  
заң консультанттары палатасы  
мүшелерінің Жалпы жиналысының  
шешімімен 2024 жылғы 29 ақпанда  
«Бекітілді»

## **«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION» ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

## **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Басқармасы туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – Палата) Жарғысына сәйкес әзірленді және Басқарма мен оның мүшелерінің мәртебесіне және қызметіне қатысты мәселелерді реттейді.
- 1.2. Осы Ережемен сонымен қатар Басқарма Регламентін қалыптастыратын қағидалар мен рәсімдер белгіленеді.
- 1.3. Басқарма Жарғыға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Палатаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын Палатаның тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы болып табылады.
- 1.4. Басқарма өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның Жарғысын, осы Ережені, Палатаның өзге де ішкі құжаттарын, сондай-ақ Палатаның Жалпы жиналысының шешімдерін басшылыққа алады.

## **2. Басқарманың құрамы. Басқарма мүшелерін сайлау және өкілеттігін тоқтату тәртібі**

- 2.1. Басқарма Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Палата мүшелерінің арасынан кем дегенде 7 (жеті) адам құрамында 3 (үш) жыл мерзімге сайланады. Басқарма құрамына сайланған Палата мүшелері қатарынан екі реттен артық емес қайта сайлана алады.
  - 2.1.1. Басқарма Басқарманың құрамы сайланған мерзімге ұжымдық басқару органының ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру үшін өзінің құрамынан Басқарма Төрағасын сайлайды.
- 2.2. Басқарманың барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігі келесі негіздер бойынша Жалпы жиналыстың шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:
  - 1) Басқарма мүшесінің тиісті өтініші болған жағдайда;
  - 2) Алдыңғы 12 ай ішінде Басқарма отырыстарының жартысынан көбіне дәлелді себепсіз қатыспаған жағдайда;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Палата Жарғысының талаптарын бұзған жағдайда;
  - 4) Палата қызметінің мақсаттарына қайшы келетін әрекеттер жасаған жағдайда.
- 2.3. Басқарма мүшелері Палатаның басқа басқару органдарына сайлана алмайды.
- 2.4. Басқарманың мүшелері өз қызметін Палатадан қандай да бір материалдық сыйақы алмастан жүзеге асырады. Алқа мүшесі Палатаның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға беруге құқылы емес. Палатаның штаттағы жұмыскерлері, бір-бірімен неке, жақын туыстық, жеюжаттық қатынастағы адамдар Басқарманың құрамына сайлана алмайды. Басқарма мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады және сыйақы алмайды, бұл орайда олардың Басқарманың жұмысына қатысуға тікелей байланысты шығынын өтеуге құқығы бар.
- 2.5. Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Басқарманың жаңа мүшесін сайлау Палатаның Жарғысы мен осы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **3. Басқарманың құзыреті**

- 3.1. Палатаның Басқармасы Жарғыға сәйкес Палатаның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырады. Палата Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер

- қабылдауға уәкілетті.
- 3.2. Заңға және Палатаның Жарғысына сәйкес Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарманың қарауына беруге болмайды. Басқарма Жарғыға сәйкес Палатаның Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Палатаның Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.
- 4. Басқарманың отырыстарын шақыру, өткізу тәртібі және хаттамаларды рәсімдеу тәртібі**
- 4.1. Басқарманың отырыстары қажет болуына қарай өткізіледі.
- 4.2. Алқа отырыстары Палатаның атқарушы органының орналасқан жері бойынша елді мекенде немесе бейнеконференцбайланыс, конференцбайланыс арқылы Басқарманың барлық мүшелерінің қатысуымен (телефондық кеңесу режимінде Басқарма мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі), сондай-ақ отырысқа қатысуға мүмкіндік беретін басқа онлайн байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізіледі.
- 4.3. Басқарманың отырыстарын өткізу кезінде Басқарма мүшелерінің отырысқа қатысуын қамтамасыз ету мақсатымен телекоммуникация құралдарын (телефон, бейне және т.б.) пайдалануға жол беріледі. Басқарманың шешімдерін электронды байланыс құралдарын пайдалана отырып қабылдауға рұқсат етіледі.
- 4.4. Басқарманың отырысы Басқарманың кез келген мүшесінің талабы бойынша немесе Палатаның Атқарушы органы тарапынан шақырылуы мүмкін.
- 4.5. Басқарманың отырысын шақыру туралы талап Палатаның Атқарушы органына жазбаша түрде жіберіледі және онда Басқарманың қарауына ұсынылатын мәселелер қамтылуға тиіс.
- Палатаның отырысын:
- 1) Палатаның Атқарушы органы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей;
  - 2) Палатаның Атқарушы органы Басқарманың отырысын шақырмаған және соңғысы Басқарма отырысын шақыруға міндетті болған жағдайда, Басқарманың екі немесе одан да көп мүшесі дереу шақырады.
- 4.6. Басқарма отырысын шақыратын орган немесе тұлға Басқарманың әрбір мүшесіне отырыс өткізілгенге дейін үш күннен кешіктірмей Басқарма отырысының өтетіні туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 4.7. Тиісті ақпарат, соның ішінде өткізілетін уақыты, орны, ұсынылған күн тәртібі, сондай-ақ Басқарма отырысының күн тәртібі бойынша материалдар Басқарманың мүшелеріне Тізілімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайлары бойынша жіберілуге тиіс.
- 4.8. Басқарманың шешімі бойынша оның жұмысына кеңесші дауыс құқығымен басқа тұлғалар да қатысуы мүмкін.
- 4.9. Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамына тең кворум болған жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқықты. Кворумның болмауы Басқарма отырысын өткізілмеген деп тануға негіз болады.
- 4.10. Басқарманың қайталама отырысы келесі жұмыс күні, тура сол уақытта және жерде өткізіледі. Басқарманың қайталама отырысы оған қатысып отырған немесе өкіл жіберген қатысушылардың санына қарамастан құқықты болып табылады.
- 4.11. Басқарма отырысы хабарламада көрсетілген уақытта және орында ашылады.
- 4.12. Отырысты ашқан кезде Басқарма Төрағасы қажетті кворумның бар екенін белгілейді. Осы талаптың сақталмауы Басқарма отырысында қабылданған барлық шешімдердің жарамсыздығына әкеп соғады.
- 4.13. Алқалы басқару отырыстарында Басқарма хатшысы болып Басқарманың мүшесі тағайындалады. Хатшының міндеттерін Атқарушы органның штаттағы

- қызметкерінің де атқаруына болады.
- 4.14. Басқарма отырыстары мынадай нысанда өткізілуі мүмкін:
- 1) Басқарма мүшелерінің бірге қатысуы (көзбе-көз нысан);
  - 2) кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау (сырттай нысан).
- 4.15. Дауыс беру кезінде Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие.
- 4.16. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Басқарманың отырыстары оның мүшелерінің бір үй-жайда жеке қатысуы жолымен де, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға электронды түрде хат алмасу немесе талқыланатын мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің жеке пікірін және дауыс беру нәтижелерін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген байланыс нысанын (бейне, аудиоконференциялар және т.б.) пайдалану арқылы жеке қатысу жолымен өткізілуі мүмкін.
- 4.17. Басқарма мүшесінің 6 (алты) ай ішінде кез келген себеппен Басқарманың жұмысына қатыса алмауы Басқарманың мұндай мүшесін Басқарманың шешімімен оның құрамынан шығару үшін негіз болады. Басқарманың мүшесі оның құрамынан шыққан жағдайда Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы Басқарманың құрамына қосымша сайлау өткізеді. Палата мүшелерінің кезекті Жалпы жиналысы өкізілгенге дейінгі кезеңде Басқарманың осы мүшені уақытша алмастыратын мүшені Палата мүшелерінің арасынан тағайындауға құқығы бар.
- 4.18. Басқарманың қайта басталған отырысы оған қатысып отырған мүшелердің санына қарамастан құқықты болып табылады.
- 4.19. Басқарманың қарауына ұсынылған мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша Басқарма отырысының хатшысы дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға Басқарма отырысына төрағалық етуші мен хатшы қол қоюға тиіс.
- 4.20. Дауыс берудің қорытындысы туралы хаттамада мыналар көрсетіледі:
- 1) Басқарма отырысының өткізілген күні, уақыты мен орны;
  - 2) Басқарма отырысында кворумының бар/жоқ екені туралы мәлімет;
  - 3) Басқарма отырысының күн тәртібі;
  - 4) Күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша «жақтап», «қарсы» дауыс берген және «қалыс қалған» Басқарма мүшелерінің дауыстарының саны;
  - 5) Дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы;
  - 6) Басқарманың отырысында қабылданған шешімдер.
- Дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға Басқарманың Төрағасы және Басқарма отырысының хатшысы қол қоюға тиіс.
- 4.21. Басқарма отырысының хаттамасын Басқарма отырысының хатшысы Басқарманың отырысы өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасайды.
- 4.22. Басқарма отырысының хаттамасында осы Ережеде көрсетілген мәліметтер, сондай-ақ төмендегілер көрсетіледі:
- 1) Палатаның толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) Басқарманың отырысына қатысып отырған тұлғалардың сөйлеген сөздері.

## **5. Басқарма мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі**

- 5.1. Қызметін жүзеге асыру кезінде Басқарма мүшелері мынаған құқылы:
- 1) Басқарманың құрамында әрекет етіп, Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді талқылауға және ол бойынша дауыс беруге қатысуға;
  - 2) Басқарма отырысының күн тәртібін қалыптастыру бойынша мәлімдеме жасауға, ұсыныстар енгізуге;
  - 3) Басқарманың жұмыс жоспарларын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;
  - 4) Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіппен Басқарма отырысын шақыруды талап етуге;

- 5) Басқарманың басқа мүшелерінен, Палатаның мамандандырылған органдарынан олардың қызметін жүзеге асыруға байланысты ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;
  - 6) Басқарма отырысының хаттамасына Басқарма отырысының күн тәртібі бойынша қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
  - 7) Палатаның тиісті мамандандырылған органынан Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселенің мәні бойынша қосымша құжаттарды, ақпаратты немесе түсініктемені сұратуға құқылы. Мұндай құжаттар (ақпарат, түсініктеме) отырыс басталғанға дейін, сондай-ақ отырыс барысында, соның ішінде жазбаша немесе ауызша жауап пен түсініктеме түрінде табыс етілуі мүмкін;
  - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Палатаның Жарғысында және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
- 5.2. Басқарма мүшелері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
  - 2) Палатаның мүддесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Палатаның Жарғысында көзделген Палата қызметінің мақсатын, міндеттері мен қағидаттарын сақтай отырып, адал ниетпен, ақылға қонымды және әділ әрекет етуге;
  - 3) Палатаның Жарғысы мен ішкі құжаттарының, соның ішінде іскерлік әдеп және мүдделер қақтығысы мәселелері бойынша ережелерін сақтауға;
  - 4) Басқарма отырыстарына қатысуға;
  - 5) Басқарма мүшелеріне және Палатаның Атқарушы органына Басқарманың отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлап, келмеуінің себептерін көрсетуге тиіс.
- 5.3. Басқарма мүшелері мүдделер қақтығысының туындағаны туралы Палатаның Басқармасы мен Атқарушы органын хабардар етуге және тиісті шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруден қалыс қалуға (тиісті шешім қабылдаудан қалыс қалуға) тиіс.
6. Осы Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Палатаның Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.
  7. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Жарғының өзгертілуі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары оларға қайшы келсе, Ереженің осы нормалары қолданылмайды және Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Палатаның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін және Жарғыны басшылыққа алады.